

Әсембаева Б.О.
**Әлкей Марғұлан
публицистикасындағы
қазақтың төл тарихы туралы
зерттеулер**

Қазақтың ғұлама ғалымы, академик Ә.Х. Марғұланның қазақ халқының төл тарихын, төл мәдениеті мен төл өнерін зерттеген еңбектерінің құндылығы мен тарихи маңызы зор. Автор ғалымның бірқатар еңбектеріне шолу жасап, тарихи фактілер мен деректерді келтіреді.

Түйін сөздер: кітаптар, қолжазбалар, шежірелер, орхон жазуы, этнография, сәулет өнері, монография, ұлттық архитектура, кітапхана, архив, хронология.

Asembaeva B.O.
**Researches about history of the
Kazakh people in the publicism
of Alkey Margulan**

Labours of well-known scientist, academician A.X. Margulan are examined in the article. Margulan in area of history, culture, ethnography of the Kazakh people. The special attention is spared in work of scientist, to his encyclopaedic luggage of knowledge about history of the Kazakh people.

Key words: books, manuscripts, chronicle, orkhonское letter, ethnography, architecture, monograph, national architecture, library, archive, chronology.

Асембаева Б.О.
**Исследования об истории
казахского народа
в публицистике
Алкея Маргулана**

В статье рассматриваются труды известного ученого, академика А.Х. Маргулана в области истории, культуры, этнографии казахского народа. Особое внимание уделено творчеству ученого, его энциклопедическому багажу знаний об истории казахского народа.

Ключевые слова: книги, рукописи, летопись, орхонское письмо, этнография, архитектура, монография, национальная архитектура, библиотека, архив, хронология.

**ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАН
ПУБЛИЦИСТИКА-
СЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚТЫҢ ТӨЛ
ТАРИХЫ ТУРАЛЫ
ЗЕРТТЕУЛЕР**

Қазақстанның көрнекті ғалымдарының бірі, бірнеше ғылым саласын қатар ала отырып, зерттеулер жүргізген академик Әлкей Марғұланның әрбір мақаласының өзі бір кітапқа тұрарлық әрі ғылыми жаңалыққа толы. Ол қазақ халқының этникалық тарихын, материалдық және рухани мәдениетін ғылыми тұрғыда өте терең және кең ауқымда зерттеген ғұлама. Сондай зерттеулерінің бірі «Қазақ жазуының тарихы» атты мақаласы. Бұл еңбегінде қазақ елі орыс әліппесіне дейін үш түрлі жазу қолданғанын, оның тарихи кезеңдерін, пайда болу себептерін жазады. Қазақ даласында орхон жазуы V-IX ғасырда, соғдылықтар арқылы жеткен ұйғыр жазуы IX-XV ғасырда және араб әрпімен енген жазулар XIV-XX ғасырда қолданылды. Бұл тарихи дәуірлерде Қазақстан өлкесін мекен еткен, Түркі қағанатынан кейін ұлыстарды біріктіріп, жеке-жеке билік құрған елдер қыпшақтар (қыпшақ хандығы), қаңлы ордасы, найман хандығы, Керейт (керей) хандығы, Қарлық хандығы, Қарахан хандығы, Монғол дәуірінен кейін Өзбек, Қазақ қауымдары үш жазуды еркін қолданып отырған. «Орхон жазуын жақсы меңгерген елдер оғыз бен қыпшақтар, ертедегі наймандар, керейлер... Орхон жазуының Қазақстанда көп жолығатын жері Ертістің бас жағы, Жетісу, Талас өзендерінің бойы. Өткен ғасырдан бүгінгі біздің дәуірімізге дейін табылған тас жазуларға арнап талай ғылыми монографиялар жазуға болады...» (1) деп ғалым, бұл еңбегінде, қазақ жазуының тарихына қатысты мәліметтерді мейлінше толық қамтып, тарихи тұрғыдан бағалап, осы бағытта ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу қажеттігін де баса айтады.

Орта ғасырларда Сыр бойындағы, Таластағы қалаларда, қыстақтарда мектептер, медреселер болған. Олар араб жазуын үйренуге ден қойған. Сонымен қатар араб жазуын үйрететін үлгілі мектептер Ташкентте, Түркістанда, Сауранда, Сығанақта, Отырарда, Сайрамда, Шымкентте, Созақта ашылған. Бұл медреселерді ашуға Хожа Ахмед Ясауидың ұрпақтары Жұм Ахмед Ясау, Ғамал Хажы, Хож Ахмед ибн Ахмед Шашти, т.б. үлкен себепкер болған. Осы аталған деректерден қазақ даласындағы алғашқы мектептердің қашан, қалай пайда болғанын білеміз. «XIX ғасырдың бірінші жартысында ағаштан салынған үлкен медресе Құнанбайдың Қарақаралыны көркейткен мешіті (1846). Сондай бір ағаш мектепті Шыңғыс Уәлиханов Сырым-

бет ауылында тұрғызған, XIX ғасырдағы жақсы мешіттің бірі Баянауыл мектебі...» (2). Міне, осы деректердің бәрі де қазақ халқының рухани өсу мектебі болғандығын дәлелдейді. Және мұндай мәліметтермен Әлкей Хақанұлының ғылыми – зерттеу жұмыстары негізінде танысамыз.

«Қазақ этнографиясы хақында» атты мақаласында, «Қазақ этнографиясына қазақтың өз ортасынан шыққан ғалым этнографтар: Ы.Алтынсарин, Т.Сайдалин, Б. Дауылбаев, Х. Қостанаев және басқалар едәуір бағалы үлес қосты» (3). 1925 жылы Қазақстанды барлық жағынан зерттеу үшін академиялық экспедиция ұйымдастыру міндеті қойылды. Академик А.Е. Ферсман басшылық еткен экспедицияның құрамына геологиялық, биологиялық, экономикалық және этнологиялық отрядтар құрылып, Қазақстанда осы бағыттарда зерттеу жүргізу қолға алынды. Әлкей Хақанұлы бастаған этнологиялық отряд қазақтардың этнографиясы мен әлеуметтік тұрмысына айрықша көңіл бөлді. Соның нәтижесінде «Қазақтар» атты көптомдық жинақ дүниеге келді.

Ғалымның «Қазақ халқының сәулет өнері» атты еңбегінде қазақ халқының сәулет өнерінің пайда болуы мен дамуы тарихы туралы баяндалады. «Қазақ сәулет өнерінің ең таңдаулы үлгілері оңтүстік және Орталық Қазақстанда, сондай-ақ Каспий маңында Маңғыстақта, Сағыз және Ембі өзендерінің бойында көбірек сақталған... Қазақтың ұлттық архитектурасының ең басты айырмашылығы – ерте кездегі салынған қандай құрылыстар болмасын барлығы да тек қана тас немесе кірпіштен қаланған... Қазақстандағы құрылыс өнерінің түп тамыры сонау көне ғасырларда жатқаны анықталды» (4).

«Ғасырлар қойнауына саяхат» айдарымен газет бетінде жарық көрген мақаласының бірі – «Күміс сандық құпиясы». Ғалымның зерттеулеріне сәйкес, Ораз – XVI ғасырда қазақ қауымына көп еңбек сіңірген әскербасы, Тәуекел ханның немересі. Атасының тәрбиесінде болған Ораз Түркістан, Сауран, Ташкент қалаларында оқып білім алды. Ол кемеңгер ғалым Қадырғали Жалаиридың тәрбиесінде болды. Қ.Жалаиридың жазуы бойынша, Оразмәмбетті Ресейде Борис Годуновтың патшалығы кезінде 1598 жылы Қасым қаласының ханы етіп сайлайды. Оразмәмбет бұл қаланың құрылысын көркейтуге көп күш жұмсайды, ең алдымен мұнарасы биік мешіт тұрғызады.

Оразмәмбеттің қазыналарының ішіндегі ең маңыздысы – оның күміс сандықта сақтап келген кітапханасының барлығы. XVI ғасырдың соңында қазақ тілінде жазылған кітап, қолжазбалар

барлығы патша архивінде сақталып келген. Академик Френнің зерттеуінше бұл жәшікте «Дастан Едіге би», «Дастан Ақсақ Темір», «Дастан Қозы – Көрпеш Баян сұлу», «Тарихи Рашиди», т.б. көптеген кітаптар, қолжазбалар, шежірелер топталған. «Оразмәмбеттің кітапханасында сақталған кітаптардың ең бағалысының бірі өзіне дос болған серігі, әрі атақты биі, көркем тілде қазақша жазатын жазушы Қадырғали Жалаиридың шығармасы. Қадырғали бұл кітабына «Жами ат-тауарих» деп ат берген. Бұл кітабын өзінің жақсы көрген досы Оразмәмбетке арнаған» (5). Зерттеушілердің айтуы бойынша, бұл кітапты 1819 ж. Қазан университетінің кітапханасы сатып алады. «Қадырғалидың жазғандарында, Шоқан айтқандай, ең қызықтысы XV-XVI ғасырлардағы қазақ тарихы, Шоқан оны қазақтардың жеке тұрған бір белгісі деп анықтаған» (6).

Әлкей Хақанұлының аталған еңбектері жоғары оқу орындарында қосымша мәліметтер көзі ретінде қолданылуы тиіс. Өйткені, оқулықтарда көбінесе толық мәліметтер берілмейді. Белгілі ғалым, академик Р. Нұрғали «Әлкей Марғұлан дарынының ерекше бір белгісі – зерттеу нысанына қатысты бұрын айтылған, жазылған мәліметтерді мейлінше толық қамту, олардың хронологиясын сақтай отырып, тарихи тұрғыдан бағалап, келіспейтін даулы пікірлерге өз тұжырымын ұсыну», – деп атап көрсетеді (7).

1926 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде жарық көрген «Музыка өнері» мақаласында, «Біздің қазақтың күйлерінен ұлт музыкасын жасап алуға әбден болады ...» (8) деген пікір айта отырып, «Сарыөзен», «Алабайрақ», «Бозайғыр», «Азаматқожа», «Асанқайғы» сияқты күйлердің шығу тарихымен таныстырады. «Алабайрақ» күйін француздың Наполеонға арналған «Марсельез» күйімен салыстырып, «Алабайрақ» күйі адамға бір қажыр – қайрат беретін, белсенген ердің бетінен қайтпай майданға аттанған бейнесін көрсететін күй екенін атап өтеді. «Жанның әртүрлі ырғағына дәл түсіріп, тамырдың жүйесін қозғайтын жалғыз ғана – музыка» (9) дей келіп, ұмытылып қалған қазақтың күйлерін, оны сарнататын қобызды, сыбызғыны қайта тірілтуіміз қажет деп сол кездегі ұлт музыкасының алдында тұрған проблемалық мәселелерді көтереді.

«Қазақтың тегі қайдан шыққанын білгіміз келсе, қыпшақ тарихымен танысуымыз керек... Қыпшақтар ертеде Ертістен Еділге дейінгі аралықта көшіп – қонып жүрген. Солардың тіршілік тұрмысы, өнері, кәсібі, көшіп – қону тәсілі, рухани өмірі, тілі, ою-өрнегіне дейін қазақтарға көшкен мұралар. Демек, біздің халқымыз қып-

шақтардың мирасқорлары.» (10) деп ғалым болашақ зерттеушілер үшін де терең ой -тұжырым айтады.

Қазақ халқының төл тарихын, төл мәдениеті мен төл өнерін зерттеп қана қоймай, оны кейінгі ұрпаққа насихаттауда аянбай еңбек еткен көрнекті ғалым, академик, археолог, этнограф,

шығыстанушы, тарихшы, филолог, қоғам қайраткері Әлкей Хақанұлы Марғұлан еңбектері ұлтымыздың рухын өлшеусіз биікке көтерді. Ғалымның еңбектерін оқып зерттеу арқылы, бүгінгі жастар, өз ұлтының тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті, Отан алдындағы патриотшылдықты сезінері сөзсіз.

Әдебиеттер

1. Марғұлан Ә. «Қазақ жазуының тарихы» // Жұлдыз. – 1984. № 8.
2. Бұл да сонда.
3. Марғұлан Ә. «Қазақ этнографиясы хақында» // Қазақ әдебиеті. – 1967, 17 қараша.
4. Марғұлан Ә. «Қазақ халқының сәулет өнері»//Білім және еңбек. – 1964. – № 4-6.
5. Марғұлан Ә. «Күміс сандық құпиясы» // Қазақ әдебиеті. – 1981, 1 қаңтар
6. Бұл да сонда.
7. Нұрғали Р. «Кендік пен тереңдік»// Егеменді Қазақстан. – 2004, 7 шілде.
8. Марғұлан Ә. «Музыка өнері»//Еңбекші қазақ. – 1926, 16 маусым.
9. Бұл да сонда.
10. Жақсыбаев А. «Ардақты аға»//Қазақ әдебиеті. – 1968, 27 сәуір.

References

1. Marǵulan A. «Қазақ zhazuy’ny’ң tarixy’» // Zhǵldy’z. – 1984. № 8.
2. bұл da sonda.
3. Marǵulan A. «Қазақ e’tnografiyası’ хақы’nda»//Kazaq әdebieti. – 1967, 17 qarasha.
4. Marǵulan A. «Kazaq xalqy’ny’ң Säulet öneri»//Bilim zhәне Eñbek. – 1964. № 4-6.
5. Marǵulan A. «kymis sandyq құpiyası» // kazaq әdebieti. – 1981, 1 қаңtar
6. Bұл da sonda.
7. Nұrǵali R. «Kenдіk pen Tereңdik»// Egemendi kazakstan. – 2004, 7 shilde.
8. Marǵulan A. «muzyka öneri»//eñbekshhi kazaq. – 1926, 16 mausym.
9. Bұл da sonda .
10. Zhaksybaev A. «Ardaqty aǵa»//Kazaq әdebieti. – 1968, 27 säuir.